

## Құрманғазы ауданы



**Құрманғазы ауданы** — Атырау облысының солтүстік-батысындағы әкімшілік бөлік. Аудан 1928 жылы құрылған. Жер көлемі - 20,8 мың км<sup>2</sup>. Халық саны 2014 жылғы 1 шілде мәліметіне сәйкес 58 мың адам болды.



### *Ганюшкиндегі орталық "Темірәлі" мешіті*

Аудан құрамында 19 ауылдық округ<sup>[3]</sup>, 1 кент, 49 ауылдық елді мекен бар. Орталығы — Құрманғазы (бұрынғы аты - *Ганюшкин*) ауылы.

#### **Ауылдық округтер**

Азғыр ауылдық округі

Ақкөл ауылдық округі

Асан ауылдық округі

Байда ауылдық округі

Бірлік ауылдық округі

Құрманғазы ауылдық округі

Дәшін ауылдық округі

Дыңғызыл ауылдық округі

Еңбекші ауылдық округі

Көптоғай ауылдық округі

[Кудряшов ауылдық округі](#)  
[Қиғаш ауылдық округі](#)  
[Мақаш ауылдық округі](#)  
[Нұржау ауылдық округі](#)  
[Орлы ауылдық округі](#)  
[Сафонов ауылдық округі](#)  
[Сүйіндік ауылдық округі](#)  
[Теңіз ауылдық округі](#)  
[Шортанбай ауылдық округі](#)

## **Географиясы**

Құрманғазы ауданы батысында [Ресейдің Астрахан облысымен](#), солтүстігінде [Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы](#) және [Жаңақала аудандарымен](#), шығысында Атырау облысының [Исатай ауданымен](#) шектеседі; оңтүстігін [Каспий теңізінің](#) суы шайып жатыр. Жер бедері, негізінен, жазық, құмды және [Каспий теңізіне](#) қарай еңіс келеді. Ауданның солтүстігі теңіз деңгейінен 3 м биіктікте болса, оңтүстігі теңіз деңгейінен 25 — 27 м төменде жатыр. [Нарын құмына](#) қарасты [Қосдәулет](#), [Батбайсары](#), [Бозанай](#) және [Ментеке](#) атты құмдардың бөліктері аудан жерінің көпшілігін қамтиды.

## **Тарихы**

Аудан тарихында халқымызды еуропалық мәдениетке үндеп, өркениетті елдердің мәдени-рухани мұрасына жақындауға, білім-ғылымды игеруге көп үгіттеген және сол бағытта ұлан-асыр еңбек еткен ағартушы, кезінде 40 жыл бойы I және II Теңіз жағалауы округтерінің әкімі (правитель) М. Бекмұханбетовтің еңбектері аса зор болды.

Ауданды ұйымдастыру науқаны тұсында ондаған балықшы, мал шаруашылықтары құрылды. 1918 ж. 16 ауылдық, кенттік Кеңес депутаттары 20 шағын балықшы кәсіпорындарын біріктірді. 30-жылдардан бастап тұтынушылар кооперациялары ұйымдастырыла бастады. 1920 жылғы қараша айында Орынборда өткен ҚазАКСР-інің құрылтай съезіне осы өлкеден делегат болып Ө. Айтасов қатысқан. 1922 ж. Бөкей губерниясы Кеңестерінің съезінде Теңіз уезі болып белгіленген де, оның құрамына 15 болыс біріктірілген. Ал 1928 ж. аудан болып құрылды. 1932 жылдың 1 мамырына ауданда 16 ұжымшар, 17 ауылдық кеңестері құрылып, Мыңтөбе, Қарағайлы, Дыңғызыл өңірлерінде тұрақты қазақ елді мекендерінің іргесі қалана бастады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында 7 мың азамат майданға аттанып, олардың 4 мыңы елге қайтпады. М. Мұсаевқа, А. Афанасьевке, Ф. Мазуровқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді, Ғиззат Әліпов жауынгерлік «Даңқ» ордендерінің толық иегері болды.

Ауданның әлеуметтік-мәдени өміріндегі оң өзгерістерге Н. Манаевтың сіңірген еңбегі зор. Ол 1921-23 жылдары Теңіз уездік атқару комитетінің төрағасы болды. Кейін Қазақстанның оқу халық комиссары бола жүріп,

аудан өңіріндегі, әдеби-мәдени жаңалықтарға үнемі үлес қосты. Еділ бойында қазақ тілінде жарық көрген алғашқы газеттердің бірі — «Кедей тілінің» жұмысына тікелей араласып, көмектесті. Теңіз өңірі - ертеден өнер дарыған жер. Күй атасы Құрманғазы, домбырашы Дина Нұрпейісова осы топырақта дүниеге келген. Күйшілер Ә. Есқалиевті, Б. Қарабалинаны жерлестері мақтан тұтады. Аудан топырағы Республика халық жазушысы Ә. Сәрсенбаевтың туып-өскен жері; оның ізін баса шыққан Е. Ғұмаровтың, О. Елбосыновтың әдеби мұралары елге танымал. 1944 ж. ауданда ұйымдастырылған Теңіз ұжымшар- кеңшар театрында тәрбиеленген ҚазКСР-інің халық артисі З. Сүлейменова мен Х. Дүйсенәлиевтердің ізбасарлары 1959 ж. Теңіз халық театрын ұйымдастырды.

### **Негізгі кен байлықтары**

Кен байлықтарынан [мұнай](#) мен [газ](#), құрылыс тастары, [қиыршық тас](#), [әктас](#), кірпіш құятын саз балшық бар.

Климаты [[өңдеу](#)]

Климаты — [қатаң континенттік](#), қаңтардың орташа температурасы  $-8^{\circ}\text{C}$ , шілденікі  $+21^{\circ}\text{C}$ . Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 100 — 150 мм.

Табиғаты [[өңдеу](#)]

Шаруашылыққа пайдаланылатын сулары Каспий теңізінің солтүстік-батыс бөлігінен, оған келіп құятын [Еділдің Қиғаш](#) және басқа

салаларынан, [Нұрман](#), [Манаш](#), [Шектай](#) және басқа көлдерден тұрады.

Топырағы құмайтты-сұр, сұр, шалғынды қоңыр топырақтардан тұрады.

Өсімдік жамылғысына еркек шөп, ақ жүзгін, боз, изен, ебелек, теріскен, қоңырбас кіреді. Жануарлар

дүниесінен [қарақұйрық](#), [ақбөкен](#), [түлкі](#), [қасқыр](#), [қоян](#), [сарышұнақ](#), [қосаяқ](#), [тышқандардың](#) көптеген түрі бар.

### **Халқы**

Аудан тұрғындарының басым көпшілігі [қазақтар](#) (97,7%). Халықтың орташа тығыздығы әр 1 км<sup>2</sup>-ге шаққанда 2,2 адамнан келеді.

### **Экономикасы**

Өнеркәсіп орындары құрамына Құрманғазы мұнай өндіру кәсіпорны, “Дәулет”, “Каспийбалық”, “Дельта-Каспий” ЖШС-тері, “Мақаш”, “Ақжонас”, “Жаңажол”, “Нұржау”, “Наурыз”, “Жазира”, “Еділ”, “Тұңғыш”, “Мұрагер”, “Қызылтаң” балық аулау ӨК-тері, Ганюшкиндегі май, [Шортанбайдағы](#) балық зауыттары кіреді. [Ауыл шаруашылығы](#) төрт түлік мал мен аздап суармалы-егін өсіруге (картоп, көкөніс, бақша, мал азықтық дақылдар) маманданған. Аудан бойынша ауыл шаруашылығы жерінің аумағы 1868 мың га, оның 4 мың гектарға жуығы егістік, 50 мың гектары шабындық, 1814 мың гектары жайылымдық жер (2002). 20 ғасырдың 90-жылдарының ортасына дейін ауыл шаруашылығымен 8 қой өсіретін кеңшар, 1 көкөніс-сүт кеңшары, 8 қосалқы шаруашылық айналысып келді. 1996 ж. кеңшарлар таратылып 9 акционерлік қоғам құрылды. Бұлардан басқа

ауданның ірі ауылдарында ауыл шаруашылығы техникасын жөндейтін шеберханалар, байланыс бөлімшелері, баспахана мен тұрмыс қажетін өтеу комбинаты (Ганюшкинде), техника жөндейтін станок ([Ақкөл кентінде](#)), автобекеттер жұмыс істейді. Аудан арқылы [Атырау](#) — [Астрахан](#) тас жолы өтеді.

### **Білім беру және денсаулық сақтау жүйесі**

Ауданда білім беру мен денсаулық сақтау мекемелерінен 16 орта, 10 орталау мектеп, музыка, спорт мектептері, кәсіптік-техникалық мектеп, 36 клуб, 40 кітапхана, аудандық аурухана, емхана, 19 фельдшерлік-акушерлік, 37 фельдшерлік пункт бар.